

Доскеева Ш.А.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

Ә. НҰРШАЙЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы бейнелердің адамгершілік болмысы мен бітімі, мінез-құлқы, жеке қасиеттері, олардың шығармашылықтағы ізденісі, биік белестерге жету жолындағы әдеби-шығармашылық өсуі жан-жақты сипатталады. Автор шығармаларындағы кейіпкерлердің өмір жолының келешекте ұрпақтарға үлгі болатындай қасиеттерін әдеби көркем сөзбен өрнектеп жеткізе білу шеберлігі суреттеледі.

Сондай-ақ, Ә. Нұршайықов шығармалары арқылы оқырмандарына жалынды жастық шақтың қадір-қасиетін, бағалылығын танытатындығы, сол арқылы қаламгердің адамгершілік қасиеттер мен рухани қазынаны оқырманының жан дүниесіне терең бойлатып, әсемдікке құштарлығын арттырып, шынайы сүйіспеншілікті насихаттайтыны жайлы баяндалады. Поэтикалық амал-тәсілдерді қолданудағы жазушылық шеберлік пен суреткердің өзіндік стилі мен ұстанымы анықталып, қаламгердің өзіндік қолтаңбасы айқындалған.

Жазушының шығармашылық мұрасының табиғаты мен тағлымы, ондағы ақиқат жайттар мен жастар өмірінің жарқын сәулелі сәттері, көркемдік-рухани байлығының мән-маңызы ашылады.

Тірек сөздер: адалдық, адамгершілік, ұлттық құндылық, адамдық болмыс, ұлттық нақыш, үлгі-өсиет, нақыл.

Доскеева Ш.А.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ А.НУРШАЙКОВА

Аннотация. В статье подробно описывается человеческая природа, поведение, личностные качества образов в произведениях А.Нуршайкова, его литературно-творческий путь роста к вершине творческого поиска. Описывается мастерство автора в выражении аспектов жизни персонажей, которые могут служить примером для будущих поколений художественным языком.

Также рассказывается, что через произведения А.Нуршайкова он показывает своим читателям ценность страстной молодости и ее цену, и тем самым писатель прививает в душу читателя человеческие качества и духовные сокровища, заставляет их жаждать красоты, пропагандирует настоящую любовь. Определены навыки письма в использовании поэтических приемов, собственный стиль и позиция художника, а также определена собственная подпись писателя.

Раскрываются природа и знание творческого наследия писателя, истины и яркие моменты жизни молодежи, сущность художественного и духовного богатства.

Ключевые слова: честность, нравственность, национальная ценность, человеческая природа, национальный образ, образец-завещание, пословица.

Doskeeva Sh.A.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

FORMATION OF SPIRITUAL AND MORAL VALUES THROUGH THE WORKS OF A. NURSHAIKOV

Abstract. The article describes in detail the human nature, behavior, personal qualities of the characters in the works of A. Nurshaikov, his literary and creative path of growth to the top of creative search. It describes the author's skill in expressing aspects of the characters' lives that can serve as an example for future generations in artistic language.

It also says that through the works of A. Nurshaikov, he shows his readers the value of passionate youth and its price, and thus the writer instills human qualities and spiritual treasures in the reader's soul, makes them thirst for beauty, promotes true love. Writing skills in the use of poetic techniques, the artist's own style and position are determined, and the writer's own signature is determined.

The nature and knowledge of the writer's creative heritage, the truths and bright moments of the life of young people, the essence of artistic and spiritual wealth are revealed.

Key words: honesty, morality, national value, human nature, national image, sample-testament, proverb.

Кіріспе. Әдеби шығарманың өзіне лайықты бағасын алуына қоғамдық ортаның әсері өте зор. Әдебиеттің алтын қазығы іспеттес ежелгі заманнан өзекті, дәуір жаңарған үстіне жаңа келбет алып, соны да көркемдік әдістермен дәлелін тауып келген адамгершілік, әдет-ғұрып дәрежесі әдебиеттану ғылымы саласында өзекті мәселе болып келеді. Адам өмірі жайлы жазу арқылы асыл сезімдер мен адамгершілік қасиеттерді, ежелгі дәуірден қазірге дейінгі қазақи құндылықтар мен рухани өркендеу мен өмірге айқын көзқарасты айрықша жайнатып, көркемдік қолтаңбамен бере білу – өз ісіне адал қаламгердің қаламынан туатын шығарма.

Ә. Нұршайықовтың шығармаларында адалдық пен адамгершілік, әдемілік пен моральдық қасиеттер шынайы суреттеледі. Бұндай қасиеттер өмірдің алуан түрлі қарбалас тіршілігімен қабысып, астарласып жатыр. Оның шығармаларындағы бейнелердің басым бөлігі кеңестік кезеңнің тәрбиесін көрген кейіпкерлердің жиынтығы. Ербол мен Меңтай – сол кезеңде өмір сүрген махаббаттың үлгісі болса, Б.Момышұлы – Ұлы Отан соғысының батыры, халық қалаулысы, қаһарман батыр тұлғасында жан жақты сипатталған.

Мысалы, «Махаббат жыры», «Ғажап адам» әңгіме-повестерінде адамгершілік, жандүние көркемдігі мен сезім тазалығы заман келбетімен астасып келсе (Ғайни, Әділжан, Асылгүл), «Ботагөз» шығармасында тәккаппар, салмақты қыздың соңында аяғын шалыс басуын суреттеу арқылы оқырмандарын жеңілтектіктен аулақ болуға насихаттайды.

Ә. Нұршайықов шығармаларындағы басты бейне – Ербол Есенов. Бұл кейіпкерді қаншама адамдар өмірін зерделеп, олардың ішкі жан дүниесіне терең үңілген жазушының шығармаларынан көптеп кездестіреміз. Бір шығармада ол өз атынан баяндаса («Махаббат, қызық мол жылдар»), өзге шығармаларда тыңдаушы, аңғарымпаз («Әсем», «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Ескі дәптер») ретінде көрініс береді. Қай жерде болса да ол – автор көкейіндегі көзқарасты, жүрегіндегі лүпілді жеткізе білуші, яғни қалтарысында қаламгердің өзі тұратын Ербол бейнесі – қаламгердің идеялық пафосы мен тақырып сарынын, стиль артықшылығын танытатын негізгі тұлға.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мақалада саралау, жинақтау, баяндау, талдау әдістері кешенді түрде қолданылып, Ә. Нұршайықов шығармашылығы арқылы дәйектеледі.

Негізгі бөлім. Қаламгер шығарма жазарда халықтық таным, ұлттық болмыс, рухани мұра, салт-дәстүр үлгілері тәрзіді қазақ халқының құндылықтарына сай сапалық белгілерге ерекше көңіл бөледі. Шығармаларында адамгершілік, ізгілік қасиеттерді, өмірлік жағдаяттарды, маңызды философиялық сезімді арқау етеді. Қаламгердің халықтық болмысқа негізделген ұлттық құндылықты, адамгершілік қасиетті дәріптеген «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасы жастардың махаббатының символына айналды.

Ә. Нұршайықов шығармаларының жоғары белесі, кең ауқымды пафосы – қазақ халқының ұлылығы мен гуманистік

тәрбиені насихаттау. Ал жазушының эстетикалық мұраты – тән әдемілігінен қарағанда, жан дүниесінің көркемдігі, сезім тазалығын, нәзік лиризмнің жалынды үні, ұлы ерліктің оттылығын қаламгер шығармаларын оқығанда анық аңғарамыз.

Жоғарыда айтылған сипаттарды жазушының жастар конференциясын арқау болған – «Талқы», ауыл тіршілігі, еңбек адамдары тақырыптарына арналған – «Комбайыншы», аудан өміріне арнап жазылған – «Алыстағы ауданда», ерлік, батырлық тақырыптарына жазылған, Б. Момышұлының батырлық әрекеттерін баян ететін «Ақиқат пен аңыз» романдиалогы, М. Ғабдуллинмен сыр шертетін, қоғам қайраткерлері мен халқының қалаулы жайлы айтылатын «Тоғыз толғау» роман-монологы, М.Мәметованың ерлігін сипаттайтын «Майдан жазбалары», махаббаттың символы – «Махаббат, қызық мол жылдар», «Махаббат жыры», «Ботагөз», «Әсем», «Ескі дәптер», «Мәңгілік махаббат жыры», ұлы ұстазы М. Иманжановтың өмір жолына арналған «Қаламгер және оның достары» естелігі және әдеби-публицистикалық очерктер мен портреттер, естеліктер мен хаттарынан нақты көруге болады.

Қаламгер шығармашылығында өмірдегі шынайы болған адамдар образы мен суреттер мол. Жазушы өзі суреттеген әр кейіпкерінің шынайы образын жасап, көркем бейнесін сомдай білген. Қаламгер шығармаларында заман көрінісі, замандас бейнесі, осыған сәйкес айтылатын эстетикалық көркемдік пен парасаттылық толық сараланған. Осы жайттан түйетін нәтиже, жазушы шығармаларының міндеті – тән әсемдігін жоғары көтеріп, асыл қасиеттерді жырға қосу.

Ә. Нұршайықов шығармалары – асқақ сезім мен лирикалық әсемдікке, гуманизм мен жоғары эстетикалық талғамға жазылған көркем шығармалар. Жазушы шығармаларындағы жастықтың, махаббат пен сүйіспеншіліктің символы болған романы – «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасы. Романда ерекше асқақ сезім, қоғам мен дәуір сазы, жастықтың жалынды бейнесі, ізгіліктің

нышаны, көптеген ару қыздардың сырсымбаты, әлеуметтік топтың тартысы, толғамалы жүректің лүпілі жатыр. Жазушы туындыларында бейнелердің мұңшерін, жүрек толғанысын, жүректерде лапылдаған сүйіспеншілік отын тиімді детальдармен береді. Мәселен, қаламгер Ербол тұлғасы арқылы махаббат маңайында шоғырланған жайттарды, жалынды жастардың махаббат сезімдерін ерекше сипаттайды. Осы тұрғыда жас оқырмандарының бойына ізгілік қасиеттерді сіңіргісі келді, ол мақсатына толықтай жетті. Романның басты сюжеті – Ербол мен Меңтайдың махаббат сезімдеріне құрылған. Осы жайттар негізінде қаламгер жастардың өзара сабырлы, салиқалы әуеніне құрылған әлемнің арқауына ұлттық болмыс пен қазақы дүниетанымды, ибалық пен дара бітімді саралап, жинақтады. Жазушы сол образдарды жинақтау қорытындысында біршама типтік бейне жиынтығын жасады. Мәселен, жылпылдақ, қушыкеш - Жомартбек, ақылы таяздау, ой- қабілеті төмен Зайгүл мен Қанипа, салиқалы, өр мінезді Майра, сөзінде тұрмайтын Сәлима, қараңғы Бүркітбай тәрізді типтік бейнелер сол кезеңнің анық көрсеткіштері. Шығармадағы кейіпкерлердің жан дүниесі – қаламгер көңіл-күйімен, оның сезімімен санасатын жоғары қасиет. Заман легіне ілесіп, өмір өзі шынықтырған Ерболдың ішкі әлемі – романның өн бойында ерекше талғаммен, эмоциялық көріністермен ашылған. Ерболдан бастапқыда ұялшақ, тұйық, момын ауыл баласының кейпін танысақ, біртіндеп, өмірдің қазанында қайнап, есейген соң ақылды, батыл, ділмар, білімді адам ретінде есейгенін байқаймыз.

Ал эмоциялық жаңашылдығы мен эстетикалық жан дүниесі жоғары деңгейде көрінетін Меңтай бейнесі – кім де болса үлгі аларлықтай сүйкімді, тартымды бейне. Меңтай образы, ішкі дүниенің рухани кіршіксіз сезімі, дүниетанымы мен әдептілігі, мінезінің салмақтылығы қазақ әйелінің ішкі әлемінің көркемөнердегі бейнесі. Осы орайда М. Әлімбаевтің мынадай пікірін келтірсек: «Меңтай –

ақылды, ұстамды, білімдар, жан сұлулығы жарқырап көрінген қазақи мінез бен жаңа дәуір қызы психологиясының қосындысы – синтезі»[1, 120 б].

Зерттеу нәтижелері мен талқылау.

Ә. Нұршайықов шығармашылығындағы кейіпкерлер жан дүниесін сипаттаудағы ең ұлы пафосы – гуманистік ойды шығармаларында биік деңгейде көрсетуінде. Себебі, ол қаламгердің эстетикалық мақсатын да анық көрсетеді. Сөйтіп, шығармашылығындағы кейіпкерлердің ой-өрісінің тереңдігі, жан әлемінің әдемілігі, сезім мөлдірлігі, парасаттылықпен ұштасып сүйіспеншілік үлгісіне айналған.

Адам жанының өте маңызды иірімдері мен бітімін көрсетудегі жазушының мазмұнды шығармасының бірегейі – «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы. Романда жазушы гвардия полковнигі Б. Момышұлы образын тудыру арқылы қазақтың біртуар тұлғасының батырлығын, адамдық, адалдық қасиеттерін, ұлтын сүйгіш мінезін, ұлылық қасиеттерін халыққа жария етеді. Отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерімен аты айрықша аталатын, халық арасында есімі аңызға айналған Бауыржан Момышұлы туралы құнды еңбек шығару – сол уақытта да жеңіл болған жоқ. Алайда осы тәрізді маңызды тақырыпта шығарма жазу сол кезеңде Әзілхан Нұршайықовтың маңдайына жазылған бақ. Роман-диалог батыр-қаламгердің көзі тірісінде жазылды. Сондықтан да қаламгердің алдына қойған мақсаты – батырдың қаһармандық тұлғасын шынайы да тарихи тұрғыдан ашу болды. Осындай мақсатта қаламгер өмірде болған шынайы деректерді басшылыққа ала отырып, романды сұхбат түрінде жазуға шешім қабылдаған. Роман-диалог – батырдың ер тұлғасын, адамдық болмыс-бітімін, заманауи қасиетін бейнелеуде тиімді тәсіл болды. Себебі шығарманы оқу барысында оқырман қауым қаламгер бейнесін, таным-түсінігін және аты аңызға айналған батырдың деректі көркем тұлғасын білуге, толық мағлұмат алуға зор мүмкіндік туды.

Жазушының «Ақиқат пен аңыз» романы – нағыз тарихи шығарма. Б. Момышұлы туралы романы - өзге жазушылар шығармаларымен салыстырғанда қазақи мінезбен сабақтастырыла, ұлттық нақышта, дәстүрмен сабақтастыра, батырдың дүниетанымын ерекше көркем баяндалған туынды.

Мұны роман-диалогтан анық көреміз. Бауыржан Момышұлы өсиет сөзінде бүкіл халқын бірлікке, ынтымаққа, достыққа, сондай-ақ, осындай ынтымақтастықты қолдай отырып, Отанын, туған жерін қадірлеуге насихаттайды: «Мен соғыс кезінде «Красная звезда» газетіне былай деп жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» дегенмін. Сол сөзімді әлі де қайталаймын. Өйткені, Энгельс айтқандай, өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын. Мен нацизмнің туын көтерген фашизмге қарсы жан аямай күрескен кісімін» [2, 31 б], - деген мысалдан батырдың ұлтына деген сүйіспеншілік қасиеті айқын көрінеді. Осылай қаламгер батырдың тұлғасын жан-жақты сомдай келе, бірталай жайларды ашып көрсетеді. Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» туындысы ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді, халықтың болмыс-бітімін жоғары туғып көтерген шығарма.

Батырдың өзінің жеке басынан басқаның бақытын құрметтейтінін, қазақ анасына деген ерекше мейірім-шапағатын көрсететін мынадай жай болған екен. Бауыржан Момышұлының тұрған пәтері шағын болса керек. Сол себепті ол қала кеңесіне өтініш беріп үлкенірек пәтер сұрасаған екен, бірде кеңестен қызметкер телефон соғып, пәтердің құжатын алуы қажеттігін айтады. Содан 5 бөлмелі пәтердің құжатын алып, өзіне берілген үйге келсе, есік алдында орыстың қартаңдау әйелі кездеседі, Бауыржан әйелдің қасына жақындап, оның

мұнданып, жыламсырап тұрған жүзін көреді. Сол кезде қартаң әйелдің үй кезегінде тұрып өзінің кезегінің жеткенін, ұлының соғыста мерт болып, қазіргі уақытта өзінің жалғыздығын, оған берілетін үш бөлмелі пәтерді екі бөлмелі пәтермен қосып, бір полковникке берілетінін, айтылған уағдаларынан тайқығандығын айтады. Бұл жайды ести сала Б. Момышұлы көлікке мініп, бірден әлгі кеңеске барып: «Мен маған біреуге берілген пәтерлерді бер деген жоқпын. Мына ордерді жыртыңыз да, пәтерді бұрын уәде етілген адамдарға беріңіз! ...Маған мұндай қамқорлықтың керегі жоқ. Жиырма минуттан кейін маған телефон соғып, бұл пәтердің бұрынғы иелеріне берілгендігін хабарлаңыз. Понятно вам?! ...Ол солдаттың анасы ғой! Солдаттың анасы деген сөздің мағынасын түсінесіз бе? Солдаттың анасы – Россияның анасы! Енді ұғынықты ма сізге?» [2, 33 б], - деп, басқа адамға тиесілі пәтерді алудан бас тартады, берілген жағдайда да солдаттың анасына деген құрмет пен ықыласқа сай игі істен биік ешнәрсе болмайтынын айтады. Осылай батыр елі үшін тек майданда ғана емес, бейбіт өмірде де айрықша ерлік іс жасап, әйелге деген қошеметін білдірді. Себебі батыр соғыстағы жауынгердің тағдырын, оның күнін айқын түсінетін және соған сай баласынан айрылған ана жайын анық сезінетін әділ адам екендігін түсінеміз.

Қаһарман-батырдың адамгершілігін, адалдығын, отансүйгіштігін, жан дүниесінің тазалығын ашуда жазушы деректімәләметтер қорын көптеп пайдалануы, әрі көркемдеуіш құралдарды да мүмкіндігінше молынан пайдалануы романның шынайылығын, қуаттылығын, көркемдік деңгейін жоғары биіктеткен. Сондықтан да, қаламгер Б.Момышұлы бейнесін жасай келе, келешек ұрпақтарға үлгі болардай нар тұлғалы көркем бейне жасады.

Қорытынды.

Қаламгер өз шығармаларында заманда, қоғамда болып жатқан шындық оқиғалар жайында бере отырып, сонымен

қатар жастарға үлгі-өсиет, нақыл сөздерін де жазып қалдырған.

Ә. Нұршайықовтың студент жастармен өткен кездесуіндегі өсиет сөздері жастарға заман, қоғам, достық, адамгершілік, мамандық тәрізді асыл қасиеттерді қамтиды.

Жазушының: «Арақ ішпендер айналайындар! Арақ – азаматтың жауы; халықтың, қоғамның дұшпаны. Арақ алдымен талантты құртады. Содан соң өзгелерге ауыз салады. Талантсыздарды да жалмап жұта береді. ...Ең қызығы ішпендер, қарақтарым. Адам арақ ішпегеннен өлмейді, араны ашылып арақ ішкеннен өледі. Жігіттер, қастарында отырған қыздарды құрметтендер, мәпелендер. Алақандарыңа салып, әлпештендер. Қыздың жанын кинамандар! Қыз – болашақтың анасы. Қыз – алдағы ұрпақтың әжесі. Ананды ардақтап, әженді құрметтесең – қызды сыйла, қарағым» [3, 434-435 б], - деген өсиеттерінде ер жігіттің алдыға қойылған мақсат-міндеттерін, орындауы тиіс парыздарын айта келіп, өмірде білгені мен түйгені мол жазушы ақыл ретінде жеткізе білді. Адамды аздыратын зат – ішімдіктің зияндылығы мен қасіретілігі жайында ой-пікірін айтып, жастарды жақсы істерге үндеп, жаман әдеттерден аулақ болуды насихаттайды. Тек аулақ болуды насихаттап қана қоймай, оның соңы қайда апаратынын дәлелдеп бағады [4].

Ал қыздарға арналған өсиет сөздерінде ең бірінші еңбекшіл болуға үндейді. Адал еңбек – адамзатты биік белестерге жетелеп, беделінді көтеріп, мақсат-мұратты ешбір қиындық тудырмай бағындыра алатын ерен құбылыс. Сондықтан да жазушы қазақ қыздарын жастайынан адал еңбек етуге үндеп, келесідей ғибрат сөздерін арнайды: «Ұйқышыл болмандар, ұмытшақ болмандар, ұрысқақ болмандар! Ианабатты болындар, ілтипатты болындар, ұйымшыл болып өсіңдер! Осы күнгі өзара ілтипат ертең өздерінді «Адам адамға дос, жолдас, бауыр» деген қағидамен ұштастырады» [5].

«Апийн ішкендей елтіп, сәнге еліктей бермеңдер. ...Сәнмен емес, санамен озған мерей. ...Көрсө қызар болмаңдар! Қол жетпеске тыраштанбаңдар! Орынсыз сәнқойлықтан сақтаныңдар! Сәнқой болғаннан шаруақор болған әлдеқайда артық екенін ойлаңдар. Сананы сәнге емес, сәнді санаға бағындырыңдар! Ауыз екі шешендік әркімде болады. Әсіресе қыздың аузы сүйреңдеп көп сөйлемегені абзал. Өйткені қыздың күлкісі, жымыуы, бас изеуі көзқарасы, жүріс-тұрысы – барі де сайрап тұрған сөз. Ақ көңіл мен адал ниеттен туған іс әсем болмаса да сүйкімді. Айла мен арамдықтан туған іс, әдемі болса

да – жиіркенішті»[6, 437-438 бб.]. Жазушы осы өсиет сөздерді арнау арқылы қазақ қыздарының қоғамдық қатынастарда, өмірлік жолында асқан адамгершілік пен беделді иелену үшін нендей шарттарды орындау тиіс дей келе, өзі шешім тауып, шешен тілімен өрнектеп бере біледі [7].

Адами, рухани қасиеттерді өскелек ұрпақтың санасына сіңіріп, отбасында, ұжымда, кез келген ортада мейірімділікке, парасаттылыққа т.б. қасиеттерге тәрбиелеу, олардың бойына өмір сүруге деген дұрыс көзқарастар қалыптастыруда Ө. Нұршайықовтың шығармашылығының құндылығы зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбаев М. Қалам қайраты: Эсселер, сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1976.
2. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. – Алматы: Атамұра, 2004. – 400 б.
3. Нұршайықов Н. Он томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 472 бет.
4. Нұршайықов Н. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. –Т.3 – 400 бет
5. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996
6. Нұршайықов М. Махаббат, қызық мол жылдар. – Алматы: Өлке, 2005, - 688 б.
7. Бердібаев Р. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 320 б.

References:

1. Alimbaev M. Kalam kairaty: Esseler, syn makalalar. - Almaty: Zhazushy, 1976.
2. Nurshaiykov A. Akikat pen anyz. - Almaty: Atamura, 2004. - 400 p.p.
3. Nurshaiykov A. On tomdyq shygarmalar zhinagy. I tom. - Almaty: Qazygurt, 2005. – 472 p.p.
4. Nurshaiykov A. On tomdyq shygarmalar zhinagy. 3 tom. - Almaty: Qazygurt, 2005. – 400 p.p.
5. Maitanov B. Qazaq romany shane psikhologialyq taldau. - Almaty, 1996
6. Nurshaiykov A. Mahabbat, qyzyq mol shyldar. - Almaty: Qazygurt, 2005, - 688 p.p.
7. Berdibaev R. Zamana sazy. - Almaty: Zhazushy, 1985. – 320 p.p.

Автор туралы мәлімет:

Доскеева Шайза Асановна

Лауазымы: филология ғылымдарының кандидаты «Alikhan Bokeikhan University» ББМ
Пошталық мекен-жайы: 0714000, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Елебеков көшесі, 1
Ұялы тел.: 8 775 675 42 31
E-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

Сведения об авторе:

Доскеева Шайза Асановна

Должность: кандидат филологических наук УО Alikhan Bokeikhan University
Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул Елебекова 1
Сот.тел.: 8 775 675 42 31
E-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

Information about the author:

Doskeyeva Shaiza Assanovna

Position: Candidate of Philology Sciences Alikhan Bokeikhan University
Post index: 0714000, Republic of Kazakhstan, Semey, Elebekov str, 1
Mob.phone: 8 775 675 42 31
E-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru